

Тәжірибелік сабақ №7.

Тақырыбы: Доспамбет жырау (XVI ғасыр) мұрасы

Мақсаты: Доспамбет жыраудың өмірі, шығармашылығы туралы мағлұмат алу. XVI ғасырдағы әрі батыр, әрі жорықшы жырау екенін таныту. Жорық жырауына тән ерекшеліктерді аңғарту, өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

Негізгі сұрақтар:

1. Доспамбет жыраудың өмірі мен шығармашылығы.
2. Доспамбет жыраудың толғаулары

Тапсырма: Толғауларын жаттау, талдау жасау

Пысықтау сұрақтары:

1. Толғаулардың негізгі тақырыптары.
2. Жырау толғауларының көркемдігі.
3. Жырау толғауларының негізгі сарыны.
4. Жырау мұраларының зерттелу, жиналу сипаты
5. Көркемдік сипаты.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Семинардың тақырыбымен танысып алған соң, қажетті әдебиеттерді іріктеп алу қажет. Бір сұрақтың айналасында айтылған түрлі авторлардың пікірлеріне іштей салыстырулар жасап, түйінді жерлерін қағаз бетіне түсіру керек. Осы мәселе төңірегінде өз ойыңыз қандай, соны дәйектеніз. Бұдан соң белгілі бір тұжырымды дәлелдеу үшін өзіңіз оқыған көркем туындылардан, сын мақалалардан мысалдар келтіріңіз. Келесі семинарларда алдыңғы өткен сабақтарда дайындаған материалдарыңызды, алған біліміңізді дұрыс пайдалана біліп, жаңа тақырыппен байланыстырып отырыңыз.

Азау, Азау дегенің

Әл-Ғұсман паша жұрты екен,

Дін ісләмнің кірті екен.

Азаудың ер Доспамбет ағасы

Азаудың бір бұрышындай нарты екен!

Білейім мен жаман күн

Болатсыз қылыш кесерін,

Айналасы алты жылдың ішінде

Есақай, Қосай екі ұл

Азау билеп өсерін!

Қоғалы көлдер, қом сулар

Қоныстар қонған өкінбес.

Арыстандай екі бұтын алшайтып,

Арғымақ мінген өкінбес.

Кілең бұздай кілшейтіп,

Көбелер киген өкінбес.

Жұпарын қардай боратып,

Арулар құшқан өкінбес.

Торы төбел ат мініп,

Той тойлаған өкінбес.

Құрама шапшақ көп қымыз

Құйып ішкен өкінбес.
Екі арыстап жау шапса,
Оқ кылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!

Есеп беру түрі: ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту